



Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт № _____

_____ қ.

«__» _____ 2025 ж.

"КазТрансОйл" акционерлік қоғам, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , екінші жағынан, бірге «Тараптар» деп аталатын, және жеке жоғарыда аталғандай «Тарап» деп аталатын, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2022 жылғы «03» наурыз №193) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың сатып алу қызметін басқару тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ негізінде осы Жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес Қызметтерді (бұдан әрі - қызметтер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Тапсырысшының Қызметтерге қойылатын көлемі, мерзімдері және техникалық талаптары Шартқа №№1,2 қосымшаларда баяндалған.

1.3. Шарттың мәтіні бойынша «жергілікті мазмұн» термині елішілік құндылық үлесінің көрсеткішіне қолданылады және көрсетілген терминдер бірдей болып табылады.

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және шартта және Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.3.1. Шарттың 2.4, 2.9 және 2.10-тармақтарында көрсетілген.

2.4. Көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар көрсетілген Қызметтер актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.4.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің бүкіл көлеміне жергілікті қамту үлесінің есебі (көрсетілген Қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды өткізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Жүйе) ұсынылады;

2.4.2. Шот-фактура;

2.4.3. Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі (түпкілікті төлем кезінде).

2.5. Көрсетілген қызметтер актісі көрсетілген қызметтер актісі нысанында (қағаз жеткізгіште, Р-1 нысаны) ресімделеді.

2.6. Жергілікті қамту үлесін есептеу Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі №260 бұйрығымен бекітілген Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде ұйымдардың елішілік құндылықты есептеуінің бірыңғай әдістемесіне (бұдан әрі – бірыңғай әдістеме) сәйкес жергілікті қамту бойынша есеп нысанында ресімделеді. шарт бойынша.

2.7. Орындаушы Көрсетілген қызметтер актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Электрондық түрде Веб-порталда Көрсетілген қызметтер актісін (актілерін) қалыптастыруға және қол қоюға жол беріледі. Өнім беруші заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтер актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Электрондық түрде Веб-порталда Тауарларды қабылдап алу-беру актісін (актілерін) қалыптастыруға және қол қоюға жол беріледі.

2.8. Тапсырыс беруші Орындаушының төлемге арналған құжаттар пакетін уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

2.9. Көрсетілген қызметтер көлемі үшін шарт сомасының 90%-на дейінгі шектегі аралық төлемдерді Тапсырыс беруші Тараптардың





уәкілетті тұлғалары көрсетілген қызметтер актісіне қол қойғаннан және Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес Орындаушы жазып берген шот-фактурамен бірге алғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүргізеді. Орындаушы шот-фактураны "тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) беруге арналған шарт (келісімшарт)" жолында шарттың нөмірі мен жасалған күнін міндетті түрде көрсете отырып, теңгемен жазып береді. Көрсетілген қызметтерге ақы төлеу үшін ресімделген барлық басқа құжаттарда шарттың нөмірі мен жасалған күнін көрсету қажет.

2.10. Түпкілікті есеп айырысу Орындаушы Шарт бойынша өзінің барлық міндеттемелерін орындағаннан кейін, Тапсырысшыда көрсетілген Қызметтердің сапасы мен мерзіміне наразылықтар болмаған кезде Тапсырысшы Орындаушыдан Шарттың 2.4-тармағында санамаланған тиісті түрде ресімделген құжаттарды, сондай-ақ көрсетілген Қызметтер мен жүргізілген төлемдер бойынша өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін және Бірыңғай әдістемеге сәйкес көрсетілген Қызметтер көлеміндегі жергілікті қамту бойынша есепті алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүргізеді.

2.11. Орындаушы тарапынан Шарттың 2.4-тармағында көзделген құжаттар ұсынылмаған не тиісінше ресімделмеген жағдайда, Тапсырысшы Орындаушының жетіспейтін құжаттарды ұсынғанға дейін (құжаттарды ресімдеудегі бұзушылықтарды жойғанға дейін) Шарттағы төлемді жүргізбеуге құқылы. Мұндай жағдайда, Шарт бойынша төлемді Тапсырысшы Орындаушы жетіспейтін (тиісті түрде ресімделген) құжаттарды ұсынған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүргізеді.

2.12. Егер Орындаушының Тапсырысшы мен Орындаушы арасында жасалған Шарт немесе өзге де Шарттар шеңберінде Тапсырысшы алдында берешегі болған жағдайда, осы Шарттар арасында бар берешектерді өзара есепке алу жүргізілуі мүмкін. Бұл жағдайда Шарт бойынша көрсетілген Қызметтерге ақы төлеу Орындаушының бар берешегін шегеріп, өзара берешектерді ішінара өтеу тәртібі туралы келісімге қол қоймай, өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қоя отырып жүргізіледі.

2.13. Шарт бойынша төлем теңгемен жүргізіледі.

3. Қызмет көрсету мерзімдері және шарттары

3.1. Орындаушы Шартқа қол қойылғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Тараптармен келісілетін Қызметтерді көрсету кестесіне сәйкес Шарт бойынша Қызметтерді көрсетуге кіріседі. Қызмет көрсету кестесі Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

3.2. Шарт күшіне енгеннен кейін тараптар бір-біріне Қызмет көрсету орнында өз өкілдері туралы жазбаша түрде хабарлайды (Тапсырысшы өкілінің және Орындаушы өкілінің Т.А.Ә., паспорт деректерін көрсете отырып). Техникалық құжаттаманы (жұмыс құжаттамасы, техникалық кестелер және т.б.) Тапсырысшы мен Орындаушы арасында беру Тапсырысшы мен Орындаушының өкілдері арқылы орындалуы тиіс.

3.3. Егер бұл өткізілген сатып алу Шарттарында көзделген болса, Қызметтердің жекелеген түрлерін көрсету үшін Орындаушы тендерлік өтінімде көрсетілген тізбе және көлемде Қызметтер көрсетілетін бірлесіп Орындаушыны (Орындаушыларды) тартады. Бұл ретте, Орындаушы жиынтығында Қызметтер құнының төрттен бір бөлігінен астамын (Шарт бағасын) бірлесіп орындауға беруге болмайды. Орындаушы олардың біліктілігін және белгіленген талаптарға сәйкестігін растаған және Шартқа тиісті қосымша келісім жасасқан жағдайда, Тапсырысшымен жазбаша келісім бойынша бірлесіп Орындаушыны (Орындаушыларды) ауыстыруға болады.

3.4. Қызметтер көрсетілгеннен кейін, күнтізбелік 2 (екі) күннен кешіктірілмейтін мерзімде Орындаушы 2 (екі) данада көрсетілген қызметтер актісін жасайды және көрсетілген қызметтерді Тапсырыс берушіге тапсырады.

3.5. Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтер актісін алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде көрсетілген қызметтерді қабылдайды және осындай актіге қол қояды немесе Орындаушыға көрсетілген қызметтерді қабылдаудан жазбаша дәлелді бас тартуды жібереді. Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтерді қабылдаудан бас тартқан кезде тараптар екі жақты акт жасайды, онда көрсетілген қызметтердегі кемшіліктер, сондай-ақ оларды жою тәртібі көрсетіледі. Орындаушы қызметтердегі барлық кемшіліктерді өз есебінен жояды және тәуекел етеді.

3.6. Шарт бойынша Қызметтерді мерзімінен бұрын көрсеткен жағдайда, Орындаушы оларды мерзімінен бұрын тапсыруға құқылы, ал Тапсырысшы осындай Қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.


4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Орындаушы міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге;

4.1.2. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың жалпы құнының 5 % мөлшерінде Банк кепілдігі, Төлем тапсырмалары түрінде енгізсін. Осы міндеттеме, егер ол Тәртібінің 43-бабының 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Орындаушыға қолданылмайды;

4.1.3. Кепілдік ақшалай жарна түрінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету Тапсырысшының келесі банктік шотына төленеді: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ SWIFT: HSBKZKX ЖСК KZ536010111000012185 BIC 970540000107 KBE 16. Егер Орындаушы Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шартта белгіленген мерзімде енгізбесе, ол Шарт жасасудан жалтарған деп танылады, соның





салдарынан оған жауапкершілік жүктеледі және Тапсырысшы Шарттың 8.3-тармағына сәйкес Орындаушыға қатысты іс-әрекеттер жасайды. Орындаушы Шарттық міндеттемелерді орындауды бұзған жағдайда Тапсырысшы Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан Орындаушыға Шарттық міндеттемелерді орындауды бұзғаны және осыған байланысты туындаған залалдар үшін есептелген өсімпұл және/немесе айыппұл сомасын ұстап қалуға құқылы.

4.1.4. Тапсырыс берушіге көрсетілетін Қызметтерге арналған құжаттарды Шартта көзделген мерзімде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.4.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің бүкіл көлеміне (санына) Шарттағы жергілікті қамту үлесінің есебі (жүйеде ұсынылады). Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады;

4.1.5. Тапсырыс беруші анықтаған қызметтердің саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жою. Тапсырыс берушінің өнім берушінің көрсетілетін Қызметтердегі жергілікті қамтудың болжамды үлесін ұсынуын талап етуге құқығы жоқ.

4.1.6. Қызмет көрсетуге байланысты Тапсырысшыдан алынған мәліметтерді жария етпеуге.

4.1.7. Қызмет көрсетуге қатысты Тапсырысшының ұсынымдарын ескеруге.

4.1.8. Тапсырысшыдан Шарттың 4.4-тармағының 4.4.4-тармақшасына сәйкес сұрау келіп түскен кезде осындай сұрау салуда белгіленген мерзімдерде қажетті құжаттама мен ақпаратты ұсынуға.

4.1.9. "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Тапсырыс берушінің қауіпті өндірістік объектілерінде қызмет көрсетілгенге дейін Орындаушы қызметкерлерінің белгіленген тәртіппен Орындаушы есебінен оқудан және тиісті білімін тексеруден өтуін қамтамасыз ету. Орындаушының жұмыскерлерін Тапсырыс берушінің қауіпті өндірістік объектілеріне жіберу қажетті оқытудан өткені туралы куәлікті, сертификатты немесе белгіленген үлгідегі өзге де құжатты ұсыну бойынша ғана жүзеге асырылады.

4.1.10. Тапсырысшыға оның талабы бойынша көрсетілетін Қызметтер туралы ақпараттық есеп беруге.

4.1.11. Қызметтердегі жергілікті қамту үлесі бойынша ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына кепілдік беруге. Жергілікті қамту үлесі бойынша дұрыс емес ақпарат ұсынылған жағдайда, Орындаушы Тәртіп пен Шартқа сәйкес жауапты болады.

4.1.12. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының және нормативтік құжаттардың (ҚНЖЕ, ҚР СТ, регламенттер және басқалар) талаптарына сәйкес Қызметтер көрсетуге.

4.1.13. осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Тапсырысшыға Қызметтерді көрсету кестесін келісуге ұсынуға.

4.1.14. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Орындаушы өкілдерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында және Тапсырысшының ішкі құжаттарында белгіленген еңбек қауіпсіздігі және еңбекті, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарды сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар үшін, оның ішінде Орындаушы жұмыскерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігі үшін Тапсырысшы мен бақылаушы мемлекеттік органдар алдында толық жауапты болуға.

4.1.15. Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылатын өз жұмыскерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ Орындаушы жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, сондай-ақ қоршаған орта саласындағы заңнамасын сақтауы тұрғысынан аудитті (ішкі бақылауды) тұрақты жүргізуге.

4.1.16. Тапсырысшыға Орындаушының кінәсінен Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнама мен Тапсырысшының ішкі құжаттарының талаптарын сақтамауына байланысты туындаған, мемлекеттік органдар мен өзге де заңды және жеке тұлғалар тарапынан қойылған шағымдарға, сот талап-арыздарына, айыппұлдарға байланысты шығыстар мен залалдарды толық өтеуге.

4.1.17. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың орындаушымен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсете отырып, шартты орындауға тартылған барлық бірлесіп орындаушылар бойынша ақпарат ұсынуға міндетті. Тапсырыс беруші соңғы бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркеу мәніне тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

4.1.18. Орындаушының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары және шетел азаматтары болып табылатын қосалқы мердігерлердің/бірлесіп Орындаушылардың жұмыскерлері арасында еңбекақы төлеу саласында кемсіту жағдайларына жол бермеуге.

4.1.19. Тапсырысшының талабы бойынша Орындаушының және оның қосалқы мердігерлерінің/бірлесіп Орындаушылардың Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде тартылған жұмыскерлерінің саны мен лауазымдары туралы ақпаратты олардың азаматтығын және әрбір лауазым бойынша төленген жалақы сомасын көрсете отырып ұсынуға.

4.1.20. Тапсырысшының талабы бойынша Орындаушының және оның қосалқы мердігерлерінің/бірлесіп Орындаушылардың Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде тартылған жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеуге байланысты мәселелер бойынша өзге де қосымша ақпарат пен құжаттарды ұсынуға.





4.1.21. Көрсетілген қызметтер актісіне екі тарап қол қойған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы актіні жүйеде орналастырсын және Тапсырыс берушіге жүйеде қалыптастырылған осы актіге ілеспе хатты жіберсін. Орындаушы осы талапты бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші осы талап орындалғанға дейінгі кезеңге Шарттың 8.4-тармағының 8.4.1-тармақшасында көзделген төлемді кешіктіргені үшін жауапкершіліктен босатылады.

4.1.22. Егер қызметтер көрсету кезінде тауарларды сатып алу, қор операторы бекіткен "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының келісімі бойынша сатып алу жөніндегі тауар өндірушілерден жүзеге асырылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер тізбесіне енгізілген жағдайда, қызметтерді көрсету үшін қажетті тауарларды сатып алу, сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алу қажет.

4.1.23. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен Қызметтерді көрсету. Бұл ретте Орындаушы Тапсырыс берушімен келісу бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды мәні бірдей мамандармен ауыстыруға құқылы.

4.2. Тапсырыс беруші міндеттенеді:

4.2.1. Орындаушы көрсеткен қызметтерді шарт талаптарына сәйкес қабылдауға;

4.2.2. Наразылықтар болмаған жағдайда көрсетілген Қызметтер актісіне Орындаушыдан оны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

4.2.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға;

4.2.4. Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Орындаушыға қайтаруға міндеттенеді.

4.2.5. Жүйеде қалыптастырылған көрсетілген қызметтер актісіне ілеспе хатқа алынған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қойылсын.

4.3. Орындаушы құқылы:

4.3.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге;

4.3.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақытылы қабылдауды және көрсетілген Қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге.

4.3.3. Тапсырыс берушіден Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақытылы қайтаруды талап етуге.

4.3.4. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды мәні бірдей мамандарға ауыстыруға.

4.3.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тапсырыста және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.3.6. Тапсырысшыдан Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін қажетті ақпаратты сұратуға.

4.3.7. Тендерлік өтінім құрамындағы Тендер кезеңінде орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында қызметтер көлемінің (құнының) $\frac{1}{4}$ - нен аспайтын бірлесіп орындауға беру.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Орындаушыдан Шартта көзделген тиісті сапа мен сан қызметтерін алуға;

4.4.2. Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтердің кез келген бөлігінен Шарт құнының тиісінше азаюымен бас тартуға;

4.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға құқылы. Қызметтердегі жергілікті қамтудың болжамды үлесін Өнім берушінің ұсынуын талап етуге Тапсырыс берушінің құқығы жоқ.

4.4.4. Орындаушыдан Шартты орындау шеңберінде көрсетілген Қызметтер көлемінде жергілікті қамту бойынша есептілікті растайтын құжаттардың көшірмелерін және ақпаратты сұратуға.

4.4.5. Орындаушыдан Қызмет көрсету барысы туралы қажетті ақпаратты алуға.

4.4.6. Көрсетілетін Қызметтердің уақытындағы мен сапасын тексеруге.

4.4.7. Қызмет көрсету барысында Орындаушының жіберген кемшіліктерін анықтау және оларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге.

4.4.8. Қызмет көрсету кезінде Орындаушының келтірген залалын өтеуге.





4.5. Тараптардың қосымша құқықтары мен міндеттері көрсетілетін Қызметтердің техникалық ерекшелігінде (Шартқа №2 қосымша) көрсетіледі.

5. Кепілдіктер және Сапа

5.1. Орындаушы өз есебінен және тәуекелмен кепілдік береді:

5.1.1. пайдаланылатын материалдардың, конструкциялардың, жабдықтар мен Жүйелердің тиісті сапасы. Олардың жобалау ерекшеліктеріне, мемлекеттік стандарттар мен техникалық Шарттарға сәйкестігі, оларды тиісті сертификаттармен, техникалық паспорттармен және олардың сапасын куәландыратын басқа да құжаттармен қамтамасыз етуге;

5.1.2. көрсетілген қызметтердің шарт талаптары мен оның қосымшаларына сәйкестігі;

5.1.3. Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде көрсетілген қызметтерді қабылдау кезінде анықталған кемшіліктерді уақтылы жою.

5.2. Орындаушы Шартты орындау шеңберінде көрсетілген Қызметтер көлемінде жергілікті қамту жөніндегі есепте ұсынылатын құжаттама мен ақпараттың анықтығына кепілдік береді.

6. Лицензиялар (сертификаттар)

6.1. Орындаушы қызмет түрлеріне, материалдарға, жабдықтарға, Қызмет көрсетуге қажетті жиынтықтаушы бұйымдарға лицензиялар (сертификаттар) алуға байланысты барлық шығыстарды көтеруге міндеттенеді.

7. Көлік

7.1. Орындаушы қажетті материалдар мен мүлікті Қызмет көрсету орнына тасымалдайды және оларды өз қалауы бойынша және өз есебінен және тәуекелімен әкетеді.

8. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

8.2. Орындаушының жауапкершілігі:

8.2.1. Орындаушы Шартта ескерілген қызметтерді көрсету мерзімдерін негізсіз кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы көрсетілмеген қызметтер құнының 0,1% - ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% - ынан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті;

8.2.2. Орындаушы Шарттың 5.1-тармағының 5.1.3-тармақшасында көрсетілген кемшіліктерді жою мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Орындаушы Тапсырысшыға тұрақсыздық айыбы ретінде мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,01% - ына баламалы соманы, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10% - ынан аспайтын соманы төлейді;

8.2.3. Шарттың 8.2-тармағының 8.2.1-тармақшасында көрсетілген өсімпұлдан басқа, 30 (отыз) күнтізбелік күннен астам мерзімге Қызмет көрсетуден бас тартқан немесе мерзімі өткен немесе Орындаушының кінәсінен Қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырысшыға Шарттың жалпы сомасының 10% - ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

8.2.4. Қызметтердегі жергілікті қамту үлесінің нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.


8.2.5. Орындаушы қызметтер көрсету кестесінде ескерілген қызметтерді көрсету мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші қызметтерді көрсету мерзімін өткізіп алған әрбір күн үшін Орындаушыға уақтылы көрсетілмеген қызметтер құнының 0,1% мөлшерінде өсімпұл ұсынуға құқылы.

8.2.6. Орындаушы Шартта айтылған өзге де міндеттемелерді орындау мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% - ы мөлшерінде өсімпұл ұсынуға құқылы.

8.2.7. Шарттың 8.2-тармағының 8.2.1, 8.2.5 және 8.2.6-тармақшаларында көзделген өсімпұлдың жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10% - ынан аспауға тиіс.

8.2.8. Шарттың 4.1-тармағының 4.1.22-тармақшасында көрсетілген норма орындалмаған жағдайда Орындаушы міндеттемені бұза отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түріндегі міндеттемені орындамағаны үшін жауапты болады, оны орындаушы төлеуі тиіс немесе Тапсырыс беруші Тараптар көрсетілген қызметтерді қабылдау-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін.

8.2.9. Орындаушы Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша Орындаушының өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше





орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі.

8.3. Егер Орындаушы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шартта белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен шартты бұзады, Орындаушы енгізген тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады және Қордың сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін белгіленген тәртіппен сатып алу жөніндегі Қордың операторына ақпарат жібереді.

8.4. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

8.4.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) негізсіз кідірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге тиіс, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% - нан аспауға тиіс. Бұл ретте Орындаушы шарттың 2.4-тармағының және 4.1-тармағының 4.1.21-тармақшасының талаптарын бұзған жағдайда Тапсырыс беруші төлемді кешіктіргені үшін жауапкершіліктен босатылады;

8.4.2. Орындаушы ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруды негізсіз кідірткен жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз ету сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге тиіс, бірақ Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 10% - нан аспауға тиіс;

8.4.3. Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтер актісіне қол қояды негізсіз кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға әрбір күнтізбелік күн үшін көрсетілген қызметтер актісі сомасының 0,1% - ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% - ынан аспайтын өсімпұл төлейді;

8.4.4. Тапсырыс беруші құжаттарды уактылы ұсынбаған жағдайда (Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс беруші Қызметтерді көрсету үшін Орындаушыға құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Орындаушы Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаса, Орындаушы Тапсырыс берушіден мерзімін өткізіп алудан келтірілген залалды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеуді талап етуге құқылы.

8.5. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші Қорының Сенімсіз өнім берушілерінің тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін белгіленген тәртіппен Сатып алу жөніндегі Қордың Операторына ақпарат жібереді.

8.6. Өсімпұл және/немесе айыппұл төлеу үшін Тапсырыс берушінің Орындаушыға қойған талабы көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу және өсімпұл және/немесе айыппұл төлеу бойынша біркелкі қарсы талаптарды есепке жатқызуды жүргізу мақсатында өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне енгізіледі. Орындаушы есептелген өсімпұл және /немесе айыппұл сомасымен келіспеген және/немесе оларға салыстыру актісіне қол қоймаған жағдайда, Шарттың 2.4-тармағында көзделген түпкілікті есепті Тапсырыс беруші осы құжатты ұсынбай жүргізеді.

8.7. Тапсырысшы Шарт бойынша Орындаушыға тиесілі төлемнен өсімпұл және/немесе айыппұл сомасын ұстап қалуға құқылы.

8.8. Өсімпұлды және/немесе айыппұлды төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

8.9. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуден басқа, кінәлі Тарап екінші Тарапқа жоғалған пайданы қоса алғанда, тұрақсыздық айыбымен (айыппұлдармен, өсімпұлдармен) жабылмаған залалдарды өтейді.

8.10. Өсімақыны/айыппұлды төлеуді Тараптар екінші Тараптан тиісті талапты алған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде жүзеге асырады.

8.11. Орындаушы Тапсырысшыға еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы бұзушылықтар үшін тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар Тапсырысшыға ұсынған мөлшерде әкімшілік айыппұлдар төлеу бойынша шығындарды, сондай-ақ Шартты орындау кезінде Орындаушының еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласында белгіленген талаптарды бұзу салдарынан туындаған Тапсырысшының өзге де залалдарын өтейді.

8.12. Орындаушы Тапсырысшыға әкімшілік айыппұлдарды төлеу және қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеу бойынша шығындарды, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган Тапсырысшыға ұсынған мөлшерде, сондай-ақ Тапсырысшының Шартты орындау кезінде қоршаған ортаны қорғау бойынша белгіленген талаптарды бұзу салдарынан туындаған өзге де залалдарын өтейді.

8.13. Орындаушы және оның қосалқы мердігерлері/бірлесіп Орындаушылары Қазақстан Республикасы азаматтарының және шетел азаматтарының жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу саласында кемсіту жағдайларына жол бергені үшін Орындаушы Тапсырысшыға әрбір жағдай үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 3 (үш) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

8.14. Орындаушы СТ ҚТО-2.005-2023 «Магистральдық мұнай құбырлары. Мердігер ұйымдарға қойылатын талаптар» бөлімінде өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау және өрт қауіпсіздігі саласындағы, сондай-ақ Шарттың 14-бөлімі бөлігіндегі талаптарды бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырысшыға тиісті қаржы жылына арналған республикалық





бюджет туралы заңда белгіленген 3 (үш) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті. СТ ҚТО-2.005-2023 «Магистральдық мұнай құбырлары. Мердігер ұйымдарға қойылатын талаптар» бөліміндегі өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау және өрт қауіпсіздігі саласындағы талаптарды, сондай-ақ Шарттың 14-бөлімі бөлігінде нормаларды әрбір қайталап бұзғаны үшін Орындаушы Тапсырысшыға тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 6 (алты) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

8.15. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

9. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

9.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

9.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған Шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тиісті тармағында (тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

9.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

9.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағында көзделген;

9.3.2. Орындаушы өз міндеттемелерін бұзған жағдайда;

9.3.3. Қызметтерді сатып алудың орынды еместігіне байланысты;

9.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

9.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/Байқау кеңесінің (алқалы атқарушы орган/басқару органының/жоғары органның Байқау кеңесі (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда) шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда. Қызметтерді сатып алудың негізделген орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Орындаушыға іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда жол беріледі.

9.3.4. Тапсырыс беруші консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау процесінде әлеуетті өнім берушінің мүдделер қатығысының болмауы туралы анық емес Ақпарат және/немесе жалған мәліметтер ұсынуы анықталған жағдайларда жүзеге асырылады;

9.3.5. Тәртіптің 31-бабының 1-тармағында көрсетілген;

9.3.6. Сатып алу туралы шарт талаптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша міндеттемелерді бұзған кезде;

9.3.7. Тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда тоқтатылады.

9.4. Қордың уәкілетті органы сатып алуда сатып алу мәселелері бойынша бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс беруші жасасқан шартты біржақты тәртіппен бұзуға жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Тараптардың өзара келісімі бойынша және Орындаушыға шартты бұзу күніне оның нақты шыққан шығындарын төлеу арқылы бұзылуы мүмкін.

9.5. Қандай да бір Тараптың атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны, банктік және басқа да деректемелері өзгерген (толықтырылған) жағдайда, ол бұл туралы басқа Тарапты жазбаша хабардар етуге міндетті. Мұндай өзгерістер (толықтырулар) жазбаша хабарламаны алған күннен бастап не осындай хабарламада көрсетілген күннен бастап, бірақ хабарлама күнінен бұрын емес, екінші Тарап үшін жарамды болып есептеледі. Бұл жағдайда, Тараптардың Шартқа қосымша келісімге қол қоюы талап етілмейді.

9.6. Шарттан біржақты бас тартудың кез келген жағдайында тиісті хабарлама Тапсырысшы тарапынан Орындаушыға Шартты бұзудың болжамды күніне дейін 7 (жеті) күнтізбелік күннен кешіктірмей жіберілуі тиіс және Шартты бұзу күнін қамтуы тиіс. Тапсырысшы Шартты орындаудан біржақты бас тартқан кезде Орындаушы Шартты орындаудан біржақты бас тарту күніне нақты көрсетілген Қызметтер үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

9.7. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушының Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

10. Хат-хабар

10.1. Егер Шарттың талаптарына сәйкес кез келген хат-хабарды жүргізу, хабарлама, нұсқаулық, келісім, мақұлдау, куәлік немесе басқа біреудің шешімдерін жіберу немесе беру қажет болса және егер басқаша келісілмесе, онда хат-хабардың бұл түрі жазбаша нысанда негізсіз бас тартусыз және кешіктірусіз жүзеге асырылады.





10.2. Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабарға қатысты барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері көрсетілуі тиіс.

10.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

10.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

10.5. Тапсырыс (әуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

10.6. Факспен, электрондық поштаның немесе оның жеткізілуін тіркеуді көздейтін өзге де телекоммуникациялық байланыс құралдарының көмегімен жіберілген хат-хабар Шарттың 10.3-тармағының талаптары сақталған кезде ол жолданған Тарапқа берілген күні (сағатта) жеткізілген болып есептеледі.

10.7. Тараптар Шарт бойынша хат-хабар алмасу үшін бір-біріне және өзге де мекенжайларды (мекенжайды) хабарлай алады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер ол тежеусіз күш жағдаяттарының (жер сілкінісі және басқа да дүлей зілзалалар, мемлекеттік органдардың Қызметтер көрсетуге тыйым салатын құқықтық актілер және/немесе өзге де шешімдер шығаруы) салдары болып табылса, осы мән-жайлар Тараптардың кез келгенінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпеген жағдайда жауапкершіліктен босатылады.

11.2. Тараптардың кез келгені тежеусіз күш жағдаяттары туындаған кезде олар туындаған күннен бастап күнтізбелік 5 күн ішінде екінші Тарапқа осы жағдаяттардың туындағаны туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Осы жағдаяттарды Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы немесе өзге де уәкілетті ұйымы растауға тиіс.

11.3. Тарапты хабарламау немесе уақытында хабарламау Шарт бойынша міндеттемені орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде жоғарыда көрсетілген кез келген жағдайға сілтеме жасау құқығынан айырады.

11.4. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі тежеусіз күш жағдаяттары, сондай-ақ осы мән-жайлардан туындаған салдарлар әрекет еткен уақытқа мөлшерлес кейінге шегеріледі.

11.5. Егер Тараптардың міндеттемелерді толық немесе ішінара орындай алмауы екі айдан асатын болса, онда Тараптар Шартты бұзуға және өзара есеп айырысуға құқылы болады.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда болуы мүмкін барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Тараптар арасындағы даулар мен келіспеушіліктерді келіссөздер жолымен шешу мүмкін болмаған жағдайда, даулар мен келіспеушіліктер Тапсырысшының орналасқан жері бойынша сотта қаралуға жатады.

12.3. Тараптардың Шартпен реттелмеген өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен және тәртібімен реттеледі.


12.4. Осы бөлімнің ережесі Шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуына қарамастан қолданылады.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.





13.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен Іскерлік қатынастар тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

14. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарды қамтамасыз ету

14.1. Орындаушы міндетті:

14.1.1. өз жұмыскерлерінің Тапсырысшының объектілерінде Қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің, Қазақстан Республикасы «Азаматтық қорғау туралы» Заңының, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормалар мен ережелердің талаптарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерді сақтауға;

14.1.2. еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, нұсқау беруді және білімдерін тексеруді, өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша өз жұмыскерлерін кәсіби даярлауды, қайта даярлауды, біліктілігін арттыруды, Қазақстан Республикасында қолданылатын талаптарға сәйкес өз жұмыскерлеріне өртке қарсы нұсқаулықтар мен өрт-техникалық минимум бойынша сабақтар өткізуді қамтамасыз етуге;

14.1.3. өз қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, сондай-ақ еңбек жағдайлары өзгерген басқа жұмысқа ауыстыру кезінде не кәсіптік аурудың белгілері пайда болған кезде жұмыскерлерді міндетті, мерзімдік (жұмыскерлердің еңбек міндеттерін жүзеге асыру кезеңінде) медициналық қарап-тексерулерден және ауысым алдындағы медициналық куәландырудан өткізуге;

14.1.4. өз жұмыскерлеріне қауіпсіз еңбек жағдайларын, олардың орындалуын бақылауды және Қызмет көрсету процесінде қадағалауға;

14.1.5. еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ұйымдастыру-техникалық іс-шараларды жүргізуді, сондай-ақ өзіне сеніп тапсырылған жұмыс учаскесінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті ұйымдастыру-техникалық шараларды қамтамасыз етуге;

14.1.6. жұмыс орындарында кез келген тәуекелдердің алдын алу бойынша шаралар қабылдауға;

14.1.7. Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарында белгіленген нормаларға сәйкес өз жұмыскерлеріне қажетті санитарлық-гигиеналық жағдайлар жасауды қамтамасыз етуге, оларды жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарымен, арнайы киіммен және аяқ киіммен қамтамасыз етуге, оларды профилактикалық өңдеу құралдарымен, жуу және залалсыздандыру құралдарымен, медициналық қобдишамен, сүтпен, емдік-профилактикалық тағаммен қамтамасыз етуге;


14.1.8. Тапсырысшының объектілерінде авариялық жағдайдың дамуын және жарақаттайтын факторлардың басқа адамдарға әсерін болдырмау бойынша шұғыл шаралар қабылдауға;

14.1.9. өндірістік және өрт қауіпсіздігі, сондай-ақ Тапсырысшы қабылдаған және кіріспе нұсқамалар жүргізу кезінде Орындаушыға жеткізілген қоршаған ортаны қорғау жөніндегі міндетті талаптарды ескере отырып, жобалық құжаттамаға, технологиялық регламенттерге сәйкес Қызметтер көрсетуге;

14.1.10. қоршаған ортаға оның кінәсінен болған теріс әсердің салдарын жоюға;

14.1.11. Қызмет көрсету кезінде орын алған Қазақстан Республикасының Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт және экологиялық қауіпсіздік саласындағы заңнамасы бұзылған барлық жағдайларда, Тапсырысшыны олар анықталған сәттен бастап 2 (екі) сағат ішінде хабардар етуге;

14.1.12. өрт оның кінәсінен туындаған жағдайда, өртті сөндіруге, мүліктік (материалдық) залалды өтеуге байланысты барлық





шығыстарды өзіне алуға;

14.1.13. Тапсырыс берушінің талабы бойынша "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ деректерін басқарудың корпоративтік ақпараттық жүйесіне мәліметтер енгізу мақсатында мынадай ақпарат ұсынсын: - Тапсырыс берушінің объектілерінде қызметтер көрсету үшін тартылатын қызметкерлердің саны; - Тапсырыс берушінің объектілерінде қызметтер көрсету үшін тартылатын қызметкерлердің жұмыс істеген жұмыс уақытының саны; - Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқытудан өткен қызметкерлердің саны- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларға жұмсалған қаражаттың жалпы сомасы; - қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқытуға жұмсаған сағаттарының саны; - өндіріспен байланысты және байланысты емес жазатайым оқиғалардың саны, оларда зардап шеккендердің саны және зардап шеккендердің жұмыс өтілі; - Тапсырыс берушінің объектілерінде қызмет көрсету үшін тартылған кездегі жазатайым оқиғаларға байланысты Орындаушы қызметкерлеріне сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы; - қызметкерлердің өтініш білдіру жағдайларының саны Тапсырыс берушінің объектілерінде қызметтер көрсету үшін тартылатын Орындаушының еңбекке қабілеттілігін жоғалтпай медициналық көмекке жүгінуі; - Тапсырыс берушінің объектілерінде қызмет көрсету үшін тартылатын Орындаушының автотехникасының жалпы саны, олардың жалпы жүрісі; - Тапсырыс берушінің объектілерінде қызмет көрсету үшін тартылатын Орындаушының автотехникасының қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларының саны; - Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы бақылаушы органдар анықтаған бұзушылықтардың саны;

14.1.14. жұмыстарға шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды (бұдан әрі – шетелдік жұмыскерлер) тартқан жағдайда, Орындаушы тиісті уәкілетті органдар берген, олардың Қазақстан Республикасының аумағында болуына және еңбек қызметін жүзеге асыруына рұқсат ететін құжаттардың болуын қамтамасыз етуге тиіс. Қазақстан Республикасының аумағында болуға және еңбек қызметін жүзеге асыруға рұқсат беретін қажетті құжаттар болмаған кезде шетелдік жұмыскерлер Тапсырысшы объектілерінің аумағына жіберілмейді.

